Егінге, оғырықшылыққа шақырды. Білім алуға шақырды.

Бай қылған, кедей қылған құдай емес...

деді.

Ецбек арқылы байға бағышыштылықтан шығуға болады деп сенді.

Абайдың эңселдер бостандығына көзқарасы, буржуазиялық оқымыстылардан айырықша, демократиялық халықтық көзқарас. Абайдың антып отырғаны жалпы эмансипация ғана емес, Абай алдымен әйелдерді қоғамның тең мүшесі, бұқара халықтың көпшілігі деп санайды. Әйелдердің мал орнына сатылуына қарсы. Жас әйелдердің малға сатылып теңі емес бай шалдарға бұрып күң болуға қарсы.

Бай қартайса малына берер шылбыр,  
Мал өмірді жанғыртпас құдай ұрыр,  
Біреудің қызын алып малға сатып,  
Баяғыны іздеген қандай құрыр?

Абай бұл жерде, әйелдерді құлдыққа, күндікке түсіріп отырған таптық құрылыстың экономикалық астарын ашады.

Сән салтанат жұбантпас жас жүректі,  
Кім де болса тұрғысын көксемекті,  
Мезгіл өткен дәуренді қуалаған,  
Неғысын бір қартайған қу сүйекті.

Абайдың бұл сөздерінде адамгершілік (гумандық) патриоттық, демократизм, халықтық көзқарас айқын сонымен қатар Абай реалистік шыншылдығымен таптық қайшылықтарды да көрді.

Абай тап күресін қормегенмен, таптық қайшылықтарды дұрыс көрді. Кедей-жалшылардың ауыр тұрмысына жылы шыраймен қарады.

Қар жауса да тоңбайды бай баласы,  
Үйі жылы кыз тұтқан айналасы,  
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп онпағар көздің жасы .  
Көрі қол ептеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінен кедейдің тұрсын күні,  
Қара қырдан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған кеденге үлкен сыйы

Абаи, бандың қыс қысымынап аулақтығын суық сөз дөрімен сұрғылт түрде аита отырып, кедейлердің тұрмысын суреттесті келгенде, өзінің қабырғасы қанысатынын көрсетеді. Қоз жасын ағызып жүріп амалсыздан бай баласын уату үшін күлуге мәжбүр болып отырған кедей баласына Абаи жылы шыраимен қарады. Кедей ози бағып отырған малдың тезетін ұрыссыз, еркімен ала алмағанын Абаи қынжылып айтады.

Бірақ Абаи бай мен кедей арасындағы теңсіздікті, әділетсіздікті көріп қана қоймады, бай мен кедей арасындағы өшпенділікті де көрді. Ол өшпенділіктің бітімсіз екенін де сезді:

Жатшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,  
Артық қиыр артықша қызметке орай  
Банді менің жалшыта пенің де жоқ,  
Андыстырған екеуің құдайың ай  
Алса да аяншақтау кедей сорлы  
Еңбек оймес оандың да жоқ қой орны,  
Жас бала кемің шалың геніргені  
Бір қыс сақта тас бома сен де о құрлы

Тап қанышылығын ашып айту әрине тап күресінің өрлеуіне пайдасыз болды деп айтпа болмайды. Сөз жоқ, Абайдың бұл сөзі кедейлерге байда менің бомайғынын ұқтыруға көмегі тиді. Спихиялық күресі күшейтуге, наразылықты молайтуға септі тиді.

Абай—еңбекші хатықтың «момын шаруалардың», яғни, басқаның еңбегімен пайдаланбаитын, өз еңбегімен күн көретін қанаушы емес хатықтың идеологы. Абайдың ұлылығы — сол еңбекші бұқара халыққа жақсы өмір іздеуінде, жақсы тұрмыс құруын түтеуінде, сол үшін өз қолында бар құралын ұстап хатық үшін феодалдық қоғамның өшуші күштеріне батыл қарсы шығуында.

Абай—ең атымсыз хатықгық ақын. Ол хатықча жақсытық іздеу үшін ағартушылық жолды қалады. Сол жолда аянбай қызмет істеді. Қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін салты. Демократиятық әдебиеттің классигі болты. Жазба әдебиетке жаңа түр енгізді «Сегіз аяқ», «Сен мені не егесің», «Бай сейілді», «Гылым таппай мақтанба», «Келдік талай жерге енді», «Аға анаға көз қуаныш», «Кешегі Оспан», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Көлеңке басын ұзартып», «Қуаты оттай бүрқырап», тағы сол сыяқты толып жатқан өлең, жырлардың жаңа түрлерінің ізін салды.

Сонымен бірге Абай қазақ музыкасына да олжа салды, оған да жаңа сарын, жаңа мотив әкелді. Абай өзінің «қарасөздерімен» қазақ прозасын да бастады.

Абайдың философиялық ой-пікірлері осы уақытқа шейін зерттелмей жатқан соны сала. Біз оның философиясын жеке өзалдына тексеруді керек ететін күрделі салалы мәселе деп санап, оны бұл жерде талдап отырмаймыз. Абайдың философиясынан алып сөз қылатынымыз тек оның қоғамдық-саяси көзқарастарын толықтыратыны ғана.

Абайға шейілгі (Ыбрай, Шоқанды қоспағанда) үстем болып келген ой-пікірлердің барлығы: дүние, қоғам тағы басқаны тәңірінің сызуымен болғап, тәңірден басқа дүние жоқ деген діни соқыр сезім ұғымына (догмаға) құрылған еді. Олардың ойынша, келешек те солай тәңірінің сызығымен болады-мыс. Сондықтан адам баласының барлық өмірі, тіршілігі, тіршіліктегі іс әрекеті бұл дүние үшін емес, «ол дүние» үшін болу керек деп уағыздаған. Мұның таптық астары ашық: байға қарсы тұрмау керек, оны бай қылған да, сені кедей қылған да — құдай деген сөз еді. Сондықтан байға қарсылық құдайдың сызығына, тіпті өзіне жасаған қарсылығы болады деген теріс пікірлер еді.

Абайдың өскелең ой-пікірлері қожа-молда, софылардың бұл көзқарастарына қарама-қарсы болды. Жоқ дүние үшін әрекет қылуға Абай бармады. Дүниедегі барлық іс тек тәңірінің сызуы мен болады дегенді қабылдамады. Сондықтан Абай социологияда теңсіздікті көрді, құлдыққа қарсы болды, әдебиетте сын мәселесін қолдады, эстетикада көркемдікті адам өзі жасайтынын, өзінің ақындығымен, өлең жырымен, қоғам кемшілігін сынауымен дәлелдеді. Мұның барлығы — әрине, Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарын толықтыратын жағы.

Абай: «Адам ата-анадан туганда есті болып тумайды, есітіп, көріп, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таныйды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» дейді. Абайдың бұл жердегі сүйеніші — тәжірибе. Алға ұстап отырғаны да — тәжірибе. Дүниенің құбылысына тәжірибе арқылы қол сұғуымен қанағаттанған. «Жақсылықты, жамандықты қылдырған құдай емес», «Бай қылған, кедей қылған құдай емес...» деп таныды. Абай әрине бұл сөздерімен идеалистік көзқарастан асқан. Бірақ ол материализмге жетуде жолында жатқан бөгеттерді алып тастауға бармады.

Алайда, Абай орта ғасырлық, шығыстық схоластиканы, мистицизмді, софылықты сынады. Дүниені ғылым жолымен тануға талпынды. Дүниені білуге болатындығын дұрыс болжалдады. Бұл жөнінен алып қарағанда Абай білу теориясын орыстың философтарынанша ұққан: «Дүниенің көрінген, әм көрінбеген сырын гугелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың өзі болмайды» — дейді Абай.

Бұған қарағанда Абай адамның ойынан тыс, объективті жаратылыс барлығын, демек, дүниенің көрініп тұрған сырынан басқа, көрінбей тұрған сыры да барын мойындаған. Бұл Абайды материалистерге жақындатады. Абай білу (познание) теориясында материалистік көзқараста болды.

Абай ең соңғы жазған қарасөзінде алғашқы жазғандарынан айырықша едәуір жоғары сатыға көтерілген. Адам санасынан (сознание) тыс дүние барлығын едәуір дұрыс айтты. Мысалы, ол 43-қарасөзінде «ішсем, жесем демектің басы — жибли, (яғни, адам еркінен тыс — М. А.) ұйықтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе білсем екен, көрсем екен деген арзу (мақсат), бұлардың да басы жибли».

Бұл голғау дұрыстыққа келеді. Ал оны білуге келгенде Абай тағы бір адым ілгері басады: «Көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» деп келеді — «Ол хабарлардың ұнамдысын ұнамды қалпыменен, ұнамсызын ұнамсыз қалпыменен әр нешік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жалғастырып көңілде суреттемек».

Бірақ Абай осы сөзінде тағы тап басып тұрмайды, біраз дұрыс толғаулар айтып келіп, ақырында «жан» мен байланыстырады.

Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасы философиясына ықпал егеді. Бірақ оның философиядағы кейбір қайшылықтары қоғамдық-саяси көзқарасын өзгерте алмайды. Абай сөзсіз демократиялық көзқараста болды.

Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос,  
Талантың дәмін татуға..

Әсемпаз болма өр неге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан,  
Сен де — бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалам!

Абайдың қоғамдық-саяси көзқарасының шоктығы — халық үшін еңбек ету, кетпін тауып кірпіш болып қалану. Ол үшін білім алу керек, алған білімді хатыққа беру керек «Адам батасы адам баясынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрсе термең озады. Одан басқа нәрсемен оздым демектің бәрі — акымақтық».

Абай өмірі, тілегі, мақсаты — міне осы. Үйрету, үйрену, оқу, тапшыну, талаптану — осының бәрі халық үшін.

Абайдың асыл қазыналары, оның халықтық идеясы, демократизмі, халықты шексіз сүйсінісі, халық ролін жоғары бағалап, оның тарихтағы орнын биік шыңға көтеруі, халықтар достығын жоғары бағалауы бүгін де бағалы.

Б КСНЖІБЛЕВ

## ҚАЗАҚ РЕАЛИСТІК ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Өзінің қарасөзтерінің бірінде Абай «Дәт осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп кімді кәдіртеймін деп ойладым» дейді. Өзінің бап жүргіндісімен, би батыс тардан жерігенін айта келіп ол әті оныша былай жауап береді «Енді, әлбетте момындығынап «ырыс баккан дау бакпас» деген мақатменеп ботамын деп бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштықпен баға алмай, ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямасаң соның тітесің тілемесең болмайты Сонан басқаны габа алмадым» — дейді.

Абай өз халқының жапа шегіп жатқанын, тұйыққа қамалып отырғанын көргенде

Қалың елім қазғым қанран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсі мұртың  
Өзіміңкі дей алмай өз малыңды  
Күнің күнің бұзылты түнде ұқың —

деп налыды

Ол хатықтың хат-жайы, тағдыры жөнінде ойланып, толғанды, шарқ-ұрып іздеді. Халыққа тұйықтан шығар

жол, тұрмысын оңдар өнер іздеді, Шығысқа да, Батысқа  
да көз жіберді Ол бұл айып,

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Ек жаққа үңілдім —

деп жазды

Абай іздегенін тапты Басқа жақтап емес, Россиядан  
орыс халқынан тапты Іздегенім осы еді деп, ұлы орыс  
халқының прогресшіл, озат мәдениетін, гуманизмге толы  
классик әдебиетін ұстады

«Орыстың өнері, ғылымы — дүниенің кілті Оны біт-  
генге дүние арзанырақ түседі Оның тілін білсең, көк-  
рек көзің ашылады» — дейді

Орыс халқының ұты ақындары А С Пушкиннің,  
М Ю Лермонтовтың асыт мураларын қазақ тіліне ау-  
дарып халыққа үлгі қылып ұсынды Қазақ жастарын  
Л И Толстой мен М Е Салтыков-Щедрин шығармала-  
рынан үлгі ал деп үгіттеді

Гуманист Абай бүкіт адам баласының жақсытығы-  
нан үлгі алу керек деді

Әр халықтың жақсылығын өнерін, ғылымын үйрену  
жөнінде хатыққа Абандың ози үтгі бола алады Ол  
қазақ халқының өзінен бұрынғы, өз тұсындағы мәдениет-  
тің жете білді соның ең жақсыларын бойына жыйнады,  
қазіргі советтік Шығыс елдерінің (өзбектің тәжіктің,  
азербайжашының) бұрынғы әдебиетінен де үйренді Орыс  
халқының революцияшы демократтарының эстетикалық  
қозқарастарын оз шығармаларына арқау, өзек етті Қа-  
зақ халқының жаңа, реалистік көркем әдебиетінің негі-  
зін салды

Абай өзінен бұрынғы, өз тұсындағы ақын, жырышы-  
лардың өлеңді еріккендер ермегі, думан-сауық құрамы  
деп қарағанын сынады

Қобыз бен домбыра злып топта сарнап  
Мәктәу өлең айтыпты әркімге арнап  
Әр елден өлеңменен қайып тілеп  
Кетірген сөз кәдім жүргізі шарлап  
Мал үшін тілін безеп жаншын жалтап,  
Мал сұрап біреуді алдап біреуді арбап  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін «бәй» деп мәктәу күдай қарғап

Абай бұрынғы ақындарға керісінше, ақын — азғамат,  
әлеумет қайраткері деп, өлеңді өнер деп, ақыч өзінің

өлеңі — өнерімел қоғамға, халыққа тәрбиеші, жетекші болып қызмет істеуге тиісті деп білді.

Қыранша қарап қырымға,  
Мұң мен зарды қолға алар.  
Кектегің надан, зұлымға,  
Шығыршық атар, толғанар.  
Әділет пен ақылға  
Сынатып көрген, білгенің,  
Білдірер алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенің.  
Ызалы жүрек, долы қол,  
Улы сыя, ашы тіл  
Не жазып кетсе, жайы сол,  
Жек көрсендер өзің біл.

Ягный, данышпан Абай, ақынның, әдебиеттің мәнін, қызмегін жаңаша түсінті, орыстың классик ақындары мен революцияшыл-демократтары түсінгендей түсінді.

Абайдап бұрынғы, Абай тұсындағы ақын, жыраулар көбінесе ескіні, ертегіні, Әзірет Әліні, айдаһарды жыр етер еді. Олары өзге түгіч, өздеріне де пайдасыз болушы еді. Абай керісінше, халқының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, іс-әрекетін, тілек-армағын жыр етті; оның өміріндегі, мінезіндегі, санасындағы ескіні, кертартпаны сынады, жақсыны, ілгерішілді дәріптеді; халықты жаңаға бастады:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...  
Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
Наданның көзін қойып, көнілін ашпақ.  
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Абай халықтың өміріне көз жібергенде оның саясат, шаруашылық жағынан, өнер-білімнен мүлде артта қалып отырғанын, оның еңсесін түсіріп отырған түрлі жағдайлар бар екенін көрді.

Өз қамын ғана ойлайтын жуандар, атқамінерлер, қулар еді. Олар барымта, шабуыл, жесір дауы, жер дауы, бақ-талас сыяқты әлек-ландарды қоздырды. Сол арқылы момын, еңбекші көпті қанады.

Абай бай-жуандар тобынан іргесін аулақ салды. Ақыл-ойының, ақылдық күш-қуатының денін билеуші таппен, бай-жуандар тобымен күресуге жұмсады. Көпте-



ген өлеңдері мен қарасөздерінде сотардың қырсығын, надандығын, зұлымдығын, құнсыздығын, әшкереледі:

Сыбырлап басқа сыры жоқ,  
Шаруаға қыры жоқ  
Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су  
Ат шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса «қу»

Қу нәпсісін тыя алмай,  
Атым шығып жүрсін деп,  
Берекеге қас болса,  
Желіктірген айтатқа  
Арақ ішпей мас болса

Ел тыныш болса азады,  
Ерігіп өле жазады .

Абай патша үкіметінің саясатына қарсы болды. Әйел жөніндегі ескі көзқарасқа, отірік, өсек, жалқаулық, еріпшектік, шаруаға қырсыздық сыяқты мінездерге, надандыққа қарсы шықты, бәрін шенең, мінегі

Оның «Болыс болдым мінскей», «Мәз болады болысың» деген сыяқты бірқатар өлеңдері мен қарасөздері би, болыстарды сынап, мазақтауға арналды

Абай, би, ботысты әшкерелеу, жексұрын, жауыз етіп көрсету арқылы патша өкіметін, патша өкіметінің отаршытық саясатын сынады; жұртқа патша өкіметін де жексұрын етіп қорсетті.

От бартық жақтан — саясат, шаруашытық, мәдениет жөнінде — халықтың жетітұін арман етті: казак бұқарасына ақыт, өснет айтты, жөн сілтеді, адамгершілікке, өнер білімге, еңбекке, игілікті кәсіпке үнделі.

Қазақтың Абайдан бұрынғы Абай тұсындағы әдебиетінде өлең, жырдың соның ішінде лирикалық өлең, жырдың тек бір жаңры ғана әлеуметтік лирика жанры ғана болушы еді. От түгетпей насихат, үгіт, арнау, мақтау болып, кейісі, кестесі аз сырлаң, шенең сөз тақпақ, мақат, мәтеш болып келуші еді (Мысалға Махамбет, Ыбрай өлеңдерін алып қараңыз).

Абай казак поэзиясын дамыта, байыта түсті. От, ең алдымен, казак поэзиясына бұрыннан бар, саяси лирика жанрын дамытты келітті; оның үстіне, казак әдебиетіне лириканың мәдениетті елдер поэзиясына болатын басқа жанрларын тыңнан, тұңғыш рет енгізді: махаббат, табиғат, көңіл күйі лирикасын қосты және оны мейлінше күшті, сұлу етіп қосты.

Абай саяси-әлеуметтік лирикасының бірсыпырасында оқушыға дүние, жаратылыс, қоғамдық тұрмыс, заман, күнделікті тіршілік жөнінде, өмір, өлім, жастық, кәрілік, әділдік, жауыздық, достық, қастық жөнінде, адамның қасиеті, қоғамдық міндеті, мінез-құлқы, еңбек, өнер-білім, дін, ғылым, тәлім-тәрбие жөнінде байсалды үгіт, насихат сөйлейді, байыпты ақыл, кеңес береді, терең ой, түйю, сезіну, шешім айтады. Бұл ретте ақын жалынды үгітші, асқан ақылгөй.

Абай саяси-әлеуметтік лирикасының енді бір сыпырасында қазақ қауымының оғаш, өрескел, ескі зиянды ғұрып-әдеттерін, мінез-құлықтарын, әсіресе, бай-жуандардың, кожа-молдалардың, би-болыстардың, әкім-ұлықтардың дәрекітік, надандық жемқорлық, мансапқұмарлық, озбырлық, зұлымдық іс-әрекеттерін, ой-пыйғылтарын әшкерелейді. Ызаты жүрекпен, доты қол, улы сыямен, ащы тілмен сынайды, мысқыл, сықақ, әжуа, күлкі етеді.

Мы аты, ол жөн-жостық білмей, өнер іздемей, кәсіп қылмай, тек ет қылырып, сөз жүгіртіп, жұрттың ынтымақ, берекені бұзып жүрген адамды өткір сөзтерімен жарасымды геңеу, суреіпен шенейді, сықақ етеді:

Аласқанның алды — жөн, арты — соқпақ,  
Оларға жөн арамың сөзін ұқпақ  
Қас манғаз малға бөккен кісімсініп,  
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Бір аршопқа<sup>1</sup> шапаны сондай шап-шақ,  
Мүшесінен бұынып, басады алшақ  
Қарсы алдына жымырып келтірем деп  
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жазтыкүні ақ бөккі бүктелмейді-ақ,  
Қолында бір сабау бар ол дағы аппақ.  
Керегеге сабаты шаншып қойып,  
Бөккіні іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.

Қу шалбар құлығына болған айғақ,  
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ .  
Тірі жанға құрбы боп жап — жасында — ақ,  
Қалжындамақ, қасынбақ, ыржандамақ  
Бет-аузын сөз сөйлерте жүз құбылтып,  
Қас кермек, мойнын бұрмақ, қоразланбақ —

деп. Абай қу-пысықтарды, әшкерелейді, келістіріп әжуа, күлкі етеді.

Өлшем мағынасында.

Бұл орайда Абай асқан сықақшы. Орыс халқының классик жазушылары Гоголь мен Щедрин сыяқты сатирик. Әшкерелеу, мінеп-шөпеу, сыкак, әжуа, күлкі — Абай поэзиясының, әсіресе, Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасының әрі мықты өзегі, биік шыңы, әрі өзіне тән бір ерекшелігі.

Махаббат, достық туралы лирикасында Абай жұртқа махаббат, достықтың мәнін түсіндіреді, соларға әдемі сөз, әсем суретпен философиялық анықтама береді. Махаббат, достық болмаған жерде кісілік өмір жоқ: ойын-күлкі, дүние-мал, пайда, мақтан — бәрі тұл.

Махаббатсыз — дүние дос,  
Қайуанға оны қосындар —

дейді ол

Абай өз тұсындағы кейбір жастардың, дос құрбылардың, қыздар мен жігіттердің махаббат, достық, сұхбаттық жөніндегі тұрақсыздығына, опасыздығына, әншейін көрсеқызарлығына ренжіп, налайды. Кей жастар мақтан қуады, оңақ бұлдай, тез өзгереді.

Кей құрбы бүгін тату ертең бату,  
Тілеуі, жақындығы — бәрі сату —

дейді.

Абай жас қауымға, жігіттер мен қыздарға шын, таза, адат, баянды, ізгі махаббат, достықты, татулық, сұхбаттықты өсиет етеді Сүйгенді сүю, досқа достық жасау, бірін бірі сыйлау, құрметтеу, осының бәрін шын көңілден ісгеу, бәрінде саналы, принципті, тұрақты болу — адамдық қасиет, — дейді.

Абай махаббат, достық туралы лирикасының бірсыпырасында сүйіскен жастардың, қыз бен жігіттің сыртқы сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, жүрек күйін, күткі-қуанышын, мұң-зарын бейнелейді. Әр ачуан сырмен, бояумен көңілге қонымды, көрікті, дәл етіп суреттейті, қыз бен жігіттің сөзі, хаты егіп баяндайды. Мысалы, Абай ғашық жастардың аулақта кездескендегі кейіп-келбеттерін былай береді:

. Қызарып, сурланып,  
Лүпілдеп жүрегі,  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі ..

Аялдап ақпырып,  
Жүрекпен алысып,  
Сыбдырып, тықырып,  
Көңілмен тағысып, ..

Дем алыс ісініп,  
Саусағы суынып;  
Белгісіз қысылып,  
Пішіні құбылып .

Абай ғашықтардың оңаша кездескендегі сыртқы бейнесін, жүріс-тұрысын, көңіл күйін, ой-сезімін өте шебер келтірген Абай — адамның сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, психологиясын беруге, солай, кісінің бейне-образын жасауға ұста ақын. Бұл — Абайдың бүкіл поэзиясының, әсіресе, махаббат лирикасының бір күшті жағы, тағы бір биік шыңы, аса маңызды ерекшелігі.

— Абайдың табиғат лирикасын жыл мезгілдері: жазғы-тұрым, жаз, күз, қыс тұраты, табиғат құбылыстары туралы жазылған Бірақ Абай бұл табиғат құбылыстарың оңаша, жекс-лара, тек өзің ғала алып суреттемейсің Көбіне, үнемі қоғам өміріне, адам тұрмысына, адамның іс-әрекетіне, көңіл күйіне байланысты сөз етеді, суреттейді.

Абайдан бұрынғы, Абай тұсындағы кейбір ақындар бірді-екілі орайда жыл мезгілдері туралы сөз етсе, сол арасында айта қойса, оны:

Болғанша сары жылдыз жаз келеді,  
Жаз өтсе, сұм жаңғас қыс келеді

деген сыяқты етіп келтірер еді.

Абай жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын отай жалаң сөзбен, жалпылап айтпайды, дәл, нақты, кестелі етіп айтады. Ол, бір жағынан, жыл мезгілдерімен, солардың құбылыс-көріністері мен шаруа күйін, адам тұрмысын, күн райы мен адам райын үндес, ұйқас, жарас етіп, бірін бірі меңзейтін, бірін бірі аңғартатын, айқындай түсетін етіп келтіреді; екінші жағынан, осылың бәрін айтпайды, суреттейді, кескіндейді; әр алван сыр, бояу, кестемен, теңеу, шендестірулермен бейнестейді. Атын да атайды, суретін де салады; көңілге де құяды, көзге де елестетеді.

Мысалы, «Қыс» деген өлеңінде ол қысты «ақ киімді денелі, ақ сақалды», ашулы, соқыр мылқау шал келбетінде суреттейді:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды,  
Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды

Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,  
Қәрі құлаң — қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпатай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды.

Бұлттай қасы жауып, екі көзін,  
Басын сдіксе, қар жауып, мазанды алды.  
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды...

Абайдың табиғат лирикасы — Абай поэзиясының зор мәдениеттілікпен, күшті ақындықпен, тамаша шеберлікпен жазылған бір саласы, ақын шығармаларының биік шыңы.

Абай поэзиясының бір мол саласы, биік шыңдарының бірі — оның көңіл күйі лирикасы. Абайдың көңіл күйі лирикасы: «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім, непі сезесің?», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!», «Көңілім менің қараңғы...», «Қоңыл құсы құйқылжыр шаптарып-қа», «Жарқ етпес қара көңітім не қылса да», «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Көңітім қайғты достан да, дұшпанның да» тағы басқалары.

Абай бұл сатағай лирикасында өзінің сырын, ойын, сезімін, өзінің түйгенін, біткенін, күй-жайын, көңіл күйін, өзінің қайғы-шерін, күткі-қуанышын, жиреніш, сүйінішін, өзінің қыял-арманын баяндайды, әсем жыр етеді. Яғни, ақын көбіне, өз көңілімен өзі сырласып, мұңдасады; тек өз жүрегінің күйін шертеді.

Бұған қарап, Абайты ел-жұрттан бөлініп, жатғыз, дара қалған адам, дарашыл ақын деп бағалауға тіпті де болмайты. В. Г. Белинский айтады: «Ұлы ақын өзі тұрарлы, өзінің жеке басы, «мені» туралы айтса, ол жалпы көпшілік тұраты, бүкіл адам баласы тұраты айтқаны; өйткені ұлы ақынның тұтқасында жалпы адам батысына тән қасиеттің бәрі де бар, болады» — дейді.

Сондықтан Абайдың жабығуы, қамығуы, мұңды сыры, жүрек шері — бәрі оның тек өзіне, жеке басына ғана тән қатып емес, заманына, заманындағы қазақ бұқарасына тән қалып. Абайдың қайғы-мұңы, ыза-кегі, қыял-арманы заманның, сол замандағы қазақ бұқарасының қайғы-мұңы, ыза-кегі қыял-арманы деп білу қажет.

Сол үшін де Абай халықтың халық ақыны, заман ұлы.

Сонымен, Абай жалаң, бұрыңғай не саяси лириканың, не махаббат, табиғат лирикасының, не көңіл күйі лирикасының ақыны емес, ол лириканың барлық түр-жанрына бірдей. Оның лирикасы көп қырлы. Онда заманның, халықтың дәл сыйқы, күйі де, әділ. Өткір сыпы да бар; шыбын, аз жаз да, қаһарты қатты қыс та бар; онда мұң-шер, күлкі-қуаныш та, ыза-кек те, қайрат-жігер де, терең ақыл-ой, нәзік сезім де, ыстық махаббат, қаһарты ашу да, әсем табиғат та, қар, мұз, от, жалын да бар — бәрі бар.

Абайдың лирикасы — оқушыға әртүрлі ой салатын, оның «көзін емес, көңілін» ашатын терең мағналы, асқақ жанды, «өткірдің жүзі, кестенің бізі» сапаны өрнек, ою, әшекей, кесте тәрізді, аса көркем лирика.

Абай қазақ әдбиетінде шын мағнасында өлең-өнер, көркем лирика жасады.

Абай өзінен бұрынғы ақын, жыраулар өлеңдерінің құрылысын: тили, кестесін, ұйқасын, өлшемін сынайды.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау.  
Әттең, тәңір-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрнеу тұр-ау —

дейді.

Сонымен бірге, Абай, әуелі, өлең деген не, соған анықтама береді:

Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,  
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы,  
Сөзі тәліп, маңасы түзу келсе,  
Оған қ.мнің ұнасар таласуы? .

дейді. Осыдан кейін, Абай өлеңге өзіңше талап, шарт қояды. Ол:

Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қыйыннан қыйыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тип,  
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.  
Бөтен сөзбен былғарса сөз арасы,  
Ол — ақынның білімсіз бишарасы —

дейді. Мұны Абайдың эстетикалық көзқарасы, өлең заңы деуге болады.

Абай қазақ халқының бұрынғы ақындық мәдениетін пайдалана отырып, көрші, туыс халықтардың классик

әдебиетінен үйрене отырып, өз өлеңдерін осы өзі айтқандай етіп, өзінің өлеңге берген анықтамасына, талабына сай етіп жазған. Мұны мына жағдайлардан айқып көруге болады.

Қазақтың бұрынғы ақын, жырауларының өлең, жырлары, ауыз әдебиеті көп сөзді, ұзын сөзді келер еді; олар айғайын деген ой-пікірлерін көп сөзбен, алыстан оратып келіп айғар еді; тармақ буындарын толтыру, тармақ аяқтарын ұйқастыру үшін мағнасыз, көлденең сөздерді кірістіре берер еді.

Абай өлеңдерінде ондай көп сөзділік жоқ. Абай сөзді таңдап, іріктеп алады, үнемдеп қолданады; аз сөзбен көп мағна береді; ойға жомарт, сөзге сараң. Ол өлеңнің әр тармағын қышыннан қыйыстырады: түзу мағналы, тәтті сөзді, ұнасымды үнді, жарасымды суретті етіп келтіреді.

Абай айғайын деген ой-пікірлерін дәл, еркін, айқып айту үшін өлеңдерін мағналы, өткір, көрікті етіп келтіру үшін қазақ халқының негізгі сөз қорын түгел пайдалану үстіне ескі, диалекті сөздерді де, шет сөздерді де қолданады. Бірақ оларды өзінен бұрынғы, өз тұсындағы кейбір ақындар сыяқты сән үшін, өзінің шет тілді білетінін аңғарту үшін қажетсіз, орынсыз қолданып, сөзді шұбарлап, тілді бұзып жібермейді, ол зәру қажет жағдайда ғана қолданады, әбден біліп, орынды, жарасымды етіп қолданады. Мұны оның орыс тілінен алған, кірістірген сөздерінен айқып көруге болады.

Абай өлеңдерінде орыс тілінен: виноват, коренной, счет, пошел, пуль, прошение, судья, съезд, закон, чин, доктор, пьяница, такт, бутылка, рюмка, стакан, химия, лавка, барабан, самородный, познание, образование, назначение, минута, сила, единица, интернат, штык, кортечь, форма, альбом, монастырь, гулять, визит, каталажка сыяқты бірсыпыра сөздерді қолданған. Осыларды ол, әлгі айтқандай, зәру қажет болғанда ғана алған, ойын айқып аңғарту, өткір айту үшін, кейде сықақ, мысқыл үшін қолданған. Мысалы, Абайдың олай қолданған сөздерінің біразы мына түрде:

«Еннатина кәлкаусар»  
Пошел дереу күнәкар...

Самородный сары алтын  
Саудасыз берсең, алмайды...

Прошение жазуға  
Тырысар келсе шамасы

Бұл іске кім виноват?  
Я Семеидің қаласы

Алыс та болса, іздеп тап,  
Кореннойға кіруге

Адал жүріп, адал тұр,  
Счетың тура келуге

Мелш сауды снықылды күлкі сағып,  
Алса қоймас, араны тағы тоймас

Былип кеп тұрған ләпқасын,  
Бұзып талқан етіпті

Қоғалды қуып, гөлайттап,  
Қызықпен жүріп жазды алған

Е инница жақсысы,  
Ерген елі бейне нөл

Сыпыра елерме, сұрқия,  
Көп пьяншик нені ұғар?

Абай шет сөздерді, әсіресе орыс тілінен алған сөздерін өте жарасымды етіп қолданған. Осыдан, олардың көбі қазақтың сөз құрамына еніп кетті.

➤ Абай — сөзге бай, тілге ұста ақын. Ол өз шығармаларында қазақ халқының бұрынғы өз тұсындағы сөз қорын, сөз құрамын түгел, сарқа пайдалану, шет сөздерді орынды қолдану үстіне, солардың негізінде ози жаңа сөздер, жаңа сөйлемдер ойлап шығарды. Және соның бәрін де өте ұста, ұнамды, көңілге қонымды етіп шығарды. Олар тез сіңісіп, қазақтың тума сөзі, тума сөйлемі болып кетті.

Абай жаңа сөздерді, эпитет, теңеу сыяқты сөз образдарын екі түрлі жолмен жасаған: 1) бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздер жасау, табу жолымен, 2) бұрын бар, әдебиетте қолданылған сөздерді жаңғырту, жаңа мағына беріп қолдану жолымен жасаған.

Мысалы, бұрын жоқ, әдебиетте қолданылмаған сөздердің біразын Абай мына реттерде қолданған:

Тың тұяқ күнім сүйтсе де,  
Қарбандадым өкімдеп,

Ұстай алмадым бірін де,  
Кекіді кейін шегініп



Алкыны күшті асаулар,  
Ноқтаға басы керілді..

Айттасып алқайды  
Сен тәпсіз демеске..

Пайдасыз ақыл,  
Байлаусыз тақыл,  
Агадан бала ойы өзге..

Артынан «ол нем?» деп,  
Ұялып кезнесіп

Осындағы «өкімдеп», «алкыны», «тақыл», «кекіді», «алқайды», «кезнесіп» деген сөздер — жаңа, бұрын әдебиетте қолданылмаған, тек Абай ғана қолданған сөздер.

Абай бұрын бар, қолданылып жүрген сөздерді мына түрде жаңырытып, жаңа мағна беріп қолданған:

Жер қорығыш желкек шал  
Желіп жүріп боздаиды..

Жақсы әнді тыңласаң ой көзімен  
Өмір сәуіге көрсетер судан тұнық..  
~~Талаптың мінсіз тұңғары,~~  
Тас қыяға өрлеп..

Боламын деп жүргенде болат қайтып,  
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім..

Ит көрген ешкі көзденіп,  
Елерме, жынды сөзденіп..

Шығып кетер, я қалғыр,  
Оған ақыл — арым без..

Бізгенге жол бос,  
Ботса шы көзі бос  
Талаптың дәмін татуға..

Күнгірт көнінім сырласар  
Сұрғыт тарқал бейуаққа,  
Төмен қарап мұңдасар,  
Ой жіберіп әә жаққа.  
Адасқан күшік секілді,  
Ұлып жұртқа қайтқан ой,  
Өкінді жолың бекінді,  
Әуре болма, оны қой.

..Сол қасқыршы аяқтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Бұл үзінділерден «желкек шал», «ой көзімен», «талаптың іұлпары», «болат қайғып», «ит көрген ешк көзденіп», «елерме, жыңды сөзденіп», «арам без», «талаптың дәмі», «күңгірг көңіл», «көңілім... төмен қарап», «адасқан күшкі секілді... ой», «көңілдің жайлауы», «жалтандаған жас жүрек», «жас жүрек жайып саусағын» деген сөздер Абайдан бұрын, Абайдан бұрынғы әдебиетте бұлай анықпанып, қолданылмайтын, бұларды тек Абай ғана осылай қиыстырып, жаңғыртып, жаңа мәні беріп қолданған.

Осы ізбен, яғни бұрын бар, қолданылып жүрген сөздерді жаңғыртып, жаңа мағна беріп қолдану ізімен, Абай көп ретте қазақтың бұрынғы мақал, мәтелдерін де жаңғыртып, сентелуін өзгертіп, өгкірлеп қолданған, солардың негізінде өзі жаңа мақал, мәтел, фигуралық сөздер жасаған.

Мысалы, Абай бұрынғы: «Еңбек етсең, емерсің» деген мақалды:

Еңбек етсең ершбей,  
Тояды қарның тіленбей —

деп, «Екі кемеңің құйрығын ұстаған суга кетеді» деген мақалды:

Екі кеме құйрығын,  
Ұста, жетсе бұйрығың —

деп өзгертіп, ұстартып қолданған. Абай өз өлеңдерінде мақал, мәтелді көп қолданған.

Жаңа сөйлемдерді Абай көбіне орыс тілінің үлгісімен, әсер-ықпалымен жасаған. Мысалы, оның жаңадан жасаған сөйлемдерінің біразы былай болып келеді:

Толқыған жүрегінің хаттай таныр..

Мен сынық жан, жамағанмен  
Түзеле алман түрленіп..

Қонады бір күн жас бұлт,  
Жар тасың төсін құшақтап..

Уақыттай, өзі жүйрік ат мінеміз..

Қысқасы, жаңа сөздер, эпитеттер, теңеулер, жаңа сөйлемдер жасау, қазақтың әдеби тілін дамыту, ұстарту жөнінде Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ. Өзі тапқан,

жасаған жаңа сөздер, жаңа эпитет, теңеулер, жаңа сөйлемдер, мақал, мәтелдер Абай өлеңдерінің тағы да дәл, откір, көрікті етті

Абай өлеңдерінің көріктісіне өте ұста. Бұл жөнінде ол эпитеттің, салыстыру теңеудің, ауыстыру-шендестірудің (тропаның), әсірелеудің, фигуралық сөздердің неше алуан түрлерін әртүрлі қолданады. Бұл оның әрбір өлеңінен айқын көрініп отырады, кей өлеңдері бастан-аяқ кілең эпитеттермен, теңеулермен, шендестірулермен, әсірелеулермен келеді. Және бәрі де өте жарастықғы, көрікті болып келеді.

Мысалы, ол жақсы атты былай суреттейді:

Шоқпардан кекіл бір, қамыс құлақ,  
Қой мойынды қоян жақ, боксін қаоақ,  
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,  
Ол жеке, үңіренен болса сағак

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын пісі,  
Қабырғалы, жоталы, болса күші  
Ойынды еті бөп бөлек, омыраулы,  
Тойттаған бүркіттен салқы төсі

Жуан тақыр бұлқаны, жұмыр тұяқ,  
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ,  
Жерсоғарлы сірлі, аяғы тік,  
Жуырыны етсіз, жалпақ тақтандай ақ

Кең сауыры тар мықын, қалбағиы,  
Алды арты бірдей келсе, ерге жғиы  
Құлте құндық, қыл түбі әлді келіп,  
Көтендігі шығыңқы, аламанлы

Ұршығы төмен біткен, шақпақ еті,  
Өзі санды дөңгелек кетсе к ті  
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,  
Арты талтақ, ұмасы үлпершеккі

Шітерінгі жуантұу бота тірсек  
Бейне жел тынышты, екпінді мшип жүрсек  
Гкі козі тәңкеріп қабырғатап  
Бетдеуіе тыныш тұрса, баниап көрсек

Өлеңді көріктеу, өлеңнің кестесін келтіру жөнінде де Абайдың қазақта әлі теңдесі жоқ, қазақтың бұрынғы тұсындағы ақындарының ешқайсысы өлеңін Абай сияқты ұста, келісті көрікпеген емес.

Абай өлеңнің композициясын, шумағын, олшемін, ұйқасын қолдан қолдананда егіп келтіреді. Оның өлеңде

рың шумағы, композициясы жыйнағы тақырыбына, ой жүзесіне лайық заңды басгалып, заңды аяқталады, оларда артық, оғаш тұрған, кем шумақ, гармақ болмайды. Сондай-ақ оның өлеңдерінің буыны, ұяқасы, ішкі мағынасы жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да, үні, өлшемі жағынан да бір бірмені қабысып, үйлесіп, дәлме дәл тұрады.

Абай қазақ халқының ертеден, өзінен бұрынғы өлеңдерінің түр-үлгілерін өлшемін, шумағын, ұяқасын түгел, сарқа пайдаланды. Соларды пайдаланып, орыс ақындарынан көріп, өз өлеңдерінің шумағын, ұяқасын түрлендірді, сол арқылы қазақ өлеңінің құрылысын жаңартты, ішкері дамытты.

Бізге бұған дейін Абай қазақ өлеңінің өлшеміне, өзгеріс енгізді, қазақ өлеңдері бұрын тек 11 буынды, 7 — 8 буынды ғана болып келуші еді, Абай аралас келетін 3 — 4 — 5 буынды, 5 — 6 — 7 буынды, бірыңғай келетін 7, 8 буынды өлеңдер шығарды деп айтылып, жазылып келді.

Бұл бекер, қате Абай қазақ өлеңінің өлшемін өзгерткен жоқ 3 — 4 — 5 — 6 — 7 — 8 буынды өлеңдер қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Бірақ олар ұзақ жыр, дастандарда аз қолданылағын, тек бірді-екілі ғана қолданылатын. Олар көбінесе мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келегін ұсақ өлең, жырларда ғана болатын. Мысалы:

Етпн жаман — 5  
Төрге шығалмас — 6  
Жеңі жаман — 4  
Ас іше алмас 5  
Тіме төсем, 4  
Тиеді 3  
Іш десем — 4  
Тімеиді 3 —

деген сияқты болып келегін. Абай осыларды өлең жырға, дастанға енгізді, некен-саяқ енгізбей, көп етіп енгізді, жөнге келтірді, заңды етті.

Бізге бұған дейін Абай қазақ өлеңінің ұяқасына жаңалықтар енгізді қазақ өлеңдері бұрын тек ақсақ (аа — а) ұяқаспен, аинымалы (әр жерде әртүрлі болып, өзгеріп оырады) ұяқаспен ғана келуші еді Абай егіз (аа бб) ұяқасты, аттамалы (абаб) ұяқасты шығарды деп айтылып, жазылып келді.

Абайдың қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізіген рас, бірақ әлгі ұйқастар қазақта Абайдан бұрын бар болатын. Іскі оғар ұзақ өлең жырларда, дастандарда аз қолданылған келіссіз мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең жырларда ғана қолданылатын. Мысалы

Таныған жеріс — а  
 Бой сынылы — о  
 Таңымағын жер е — а  
 Тон сынылы — о

Анымсың бітім анымсың а  
 Жықыда тұлпар танымсың а  
 Арт батам жүргітан арт балам б  
 Дұшпанға қылма мәл, балам о,—

деген сыяқты болып келетін. Алай осыларды қолтсген өлең, жырларында қолданды, жөнше келгірді, заңды еті.

Сонымен бірге Алай қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жаңа шумақтар, ұйқастар ойлап шығарды. Алайдан бұрын қазақ өлеңдерінің шумағы, келіссіз үш гүрлі болып а) үш тармақты, б) төрт тармақты, в) көп тармақты олып келуші еді, көп тармақты боғанда айнымалы біресе 6, 8, 10 тармақты, біресе 12, 14, 16 тармақты болып келуші еді. Алай осыларды бір ізге келтіріп, нақпа нақ етіп, жаңаша шумақ тап, жаңаша ұйқастырты.

Алай айтқанда, Алай 17 өлең, жырын әлгіден, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастыртан. Олар 1) «Мен жаз банмын өлеңді ермек үшін», 2) «Хор болды жаным», 3) «Қуаты оттап оұрқырап», 4) «Ем таға алмап», 5) «Бан сеніңді б) «Бойы оұғнаң», 7) «Кешігіп Оспан», 8) «Сен мен не етсең», 9) «Сырмақ қын асына», 10) «Ала анаға қоз қуанышы», 11) «Танға миндік, тона шапық», 12) «Сеніз аяқ» («Ағыстан серме»), 13) «Бұратын тұрып», 14) «Қарашада өмір тұр», 15) «Кейдік татан жеріе енді», 16) «Былміден шыққан сөз», 17) «Сап сап, көңілім, сап, көңілім».

Алайдың бұл өлең, жырлары өздерінің шумақтары жағынан үш гүрлі болып келісді. а) Алты тармақты, б) жеті тармақты, в) Селіз тармақты олып келеді.

Алай 7 өлеңін алты тармақты етіп жазған. Олар үш гүрлі ұйқастың келісді. Мысалы, біреуі («Мен жазбаимын өлеңді ермек үшін») былай келеді:

Мен жибаймын өленді ермек үшін,	з
Жоқ барды, ертегіні термек үшін,	а
Көкірегі сезімді тілі ормты	—
Жаздым үлгі жастағы бермек үшін	а
Бұл сөзді тасыр ұқпәс талапты ұғар	—
Көңілінің көзі ашық сергені үшін	д

Екеуі («Хор болды жаным», «Қуаны оттай бұрқырап») былай келеді

Хор болды жаным	а
Сенсіз де менің күшім,	б
Бек бітті халым	а
Тәңдіден келген зұлым	б
Тәңгір елге алға,	в
Не көрмейді пәндә?	в

Төргесі («Ем таба алмай» «Бай сейілді», «Бойы бұлғаң», «Кешегі Оспан») былай келеді

Ем таба алмай,	а
От жалындап,	а
Толды қайғы кеудеге	б
Сырласа алмай	а
Сөз аша алмай,	а
Бендеге	б

Абай 4 өлеңін жеті тармақты етіп жазған. Олар («Тайға міндік, тойға шаптық») «Сен мені не етесің?» «Сырмақ қытып астына», «Ата анаға көз қуаныш») мынадан үш түрлі ұнқаспен келеді

1) Сен мені не етесің?	а
Мені тәстеп	б
Өнер бастап	б
Жаына	—
Және аздап,	в
Арбап	в
Өз бетіңмен сені ктесің	а
2) Сырмақ қып астына	а
Бауының тоқымын,	б
Отының басына	а
Төрінің қоқымын	б
Бүксітіп,	в
Бүксітты	в
Қоқсыттың келіргі	—
3) Ата анаға көз қуаныш —	а
Алдына алған еркесі	б
Көкірегіне көп жұбатып,	а
Гүлденіп ой өлкесі	б

Ерлерік кетті	в
Ержетті,	в
Не бітті?	в

Абай сегіз тармақты етіп үш өлең жазған Оның екеу. («Сегіз аяқ», «Бұратып тұрып») бытай болып қыйысалы

Алыстан сермеп,	а
Жүректен тербеп,	а
Шымырлап бойға жайылған	б
Қиғадан шауып,	в
Қыйсының тауып,	в
Тағыны жетіп қайырған	б
Тоғрағы тоқсан қызыл тіл,	г
Сөйлеймін десең, озың біл	г

Абайдың сегіз тармақты етіп жазған үшінші өлеңі «Қарашада өмір тұр» Ол былай болып келеді

Қарашада өмір тұр,	а
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?	б
Арттағы майда қошл жүр,	а
Жаңыпсаң қайтып келер ме?	б
Майдағы жұрттың іші — қар,	в
Бәйшешек қарға өнер ме?	б
Ішінде кімнің оты бар	в
Қыр жауса да, сөнер ме?	б

Корсетілген өлеңдерден басқа Абайдың үш өлеңінің шумағы, ұйқасы өзінше, әр жерде әртүрлі болып келеді. Олар «Келдік татай жерге енді», «Білімдіден шыққан сөз», «Сап-сап, қоңылм, сап, қоңылм!» деген жыр, тақ пақтары.

«Келдік татай жерге енді»нің бастапқы шумағы алты тармақты болып, өзалдына бір ұйқаспен келеді де, қалған шумақтары біресе үш, біресе төрт, біресе бес тармақ болып, өзалдына бір ұйқаспен келеді. Ал, өлеңнің ұзын бойы бір ұйқаспен жалғасып оғырады. Тиісті шумақтарын теріп алғанда, бытай болып келеді.

- |                             |   |
|-----------------------------|---|
| 1) Келдік татай жерге енді, | а |
| Кіруге ақ қалдық көрге енді | а |
| Қызыл тілім буынсыз,        | б |
| Сөзімде жаз бар шыбынсыз,   | б |
| Тыңдауымды ұғымсыз          | б |
| Қылып тәнірім бергенді.     | а |
| 2) Осы жасқа кетгенше,      | в |
| Өрнегемін өлгенше,          | в |
| Таба алмадық еш адам,       | — |
| Біздің сөзге өргенді        | а |

3) Әмірдің өрін тауысып, Білімсізбед алысып, Шықтық міне белге енді	г г а
6) Балалап құстай одалалып, Қанатыңды қомданып, Жатпа ұяда, қорғанып, Үш, көңілім, көкке, кергі енді.	д д д а
13) Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар, Өтірік пен өсекке Бәйге атыптай аяқылдар, Тұла боным шіміренді,	е е — е а

«Білімділеп шыққан сөз»дің бір шумағы ақсақ ұйқас, басқа шумақтары озалдына бір ұйқас болып келеді. Өлеңнің бас-аяғы, әлгі өлең сыяқты, бір ұйқаспен жалғанып отырады. Былай болып келеді:

Білімділеп шыққан сөз	а
Талаптыға болсын кез	а
Нұрын, сырын көруге	—
Көкірегінде болсын көз.	а
Жүрегі — айна, көңілі — ояу,	б
Сөз тыңдамас ол баяу,	б
Өз өнері тұр таяу,	б
Ұқпасын ба сөзді гез?	а
Әбілет басқан елерме	в
Сөзге жуық келер ме?	в
Тұзу сөзге сенер ме	в
Түзәлмесін білген ез?	а

«Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!» бес шумақ Оның екі шумағы 10 тармақтан, бір шумағы 14, бір шумағы 16, бір шумағы 9 тармақты. Әр шумағы «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!» деп басталады. Бірінші, екінші, бесінші шумақтарының басқы тармақтары тегіс ұйқаспен келеді; үшінші, төртінші шумақтарының басқы тармақтары бірді-екілі жерде айнымалы, басқа жерлерінде ерікті ұйқаспен келеді, мысалы, бірінші, үшінші шумақтары былай:

1) Сап сап, көңілім, сап көңілім!	а
Саяламай, сай гапнай,	б
Не күн туды басына,	—
Күні-түні жай гапнай?	б
Сен жайына жүргенмен	—
Қыз өле ме бай тапнай?	б
Түн кезеңі мақұл ма,	—



Жан-жагына жалгактай?	б
Өлөрмін деп жүрмісін,	—
Мүнан баска жан талпай?	б
3) Сап-сап, көңілім, сап, көңілім!	
Сана кылма бекерге!	а
Сана кылганмен пайда жоқ,	в
Дунис даяр өгөргө,	г
Ажал даяр жетерге	в
Хош кыз алсын к на	в
Бейнет көрмей дәулет жок,	—
Өлі барып кетерге	г
Оныменен бойына,	в
Иман, <sup>1</sup> дәулет бітер ме?	—
Алапты сатсаң арамага,	д
Кудай кабыл етер ме?	—
Кыз сүйөчү мені деп,	д
Оган көңіл көтөрмө!	—

Абай көбінше өлеңдерін бастан-аяк бірыңгай үйкәспен келтірелі, кейде бір, кейде екі түрлі үйкәспен кыйыстыраты. Сонда да оң кайталамай күрөк сөз етіп жібермей үнөмі элі мағначы эрі шебер үйкәстыраты.

Өлөйи саналат. Абайдың 20 — 30 өлөңү осылай бірыңгай үйкәспен келелі екен. Олардың ішіпле акынның «Кан сонарла бүркітші шығаты анга» «Кактаган ак күмістей кең мантайлы» «Қартайлык, кайгы ойталык үйкы сергек», «Қартайтық, кайгы ойталық, үңғайты арман», «Қыран бүркіт не алмайты салса баптап» «Қатын етім, қазағым, кайран жұртым», «Көнітім қайтты постап да дүшпанпан да», «Аласканның алты — жөн, арты — соқпак» «Бір дәурен кемлі күнге боз балалық» «Ішім өткен, сыптым сау» «Сәулен болса кеудеңде», «Балалық өлді біттің бе?», «Жанк етпес кара көңілім не қылса да» деген сыяқты әйгілі ұзақ өлеңдері де бар.

Мысаты «Қартайлык, кайгы ойталық үйкы сергек» 48 тармақ Соның үйкәстық тармақтары (36 тармағы) бір түрлі үйкәспен келелі: «Сергек» «кермек» «ермек», «олмек», «келмек» «өзгермек», «жеңбек», «көрмек», «көчбек», «енбек», «көлбек» «шөлмек», «білмек» «жүрмек», «өткізбек», «ілмек» «үйпенбек», «сенбек» «бергек», «көтерілмек», «жиренбек» «бөлмек», «бормек», «түрмек», «күтмек», «әкімек», «лемек», «өрнек», «жемек», «көмек», «өршілленбек», «бәлек-бәлек», «әтек», «менгермек», «теңгермек», «келтірмек» деген сөздермен келелі. Еш жерде бір үйкәс екі айтылмайды.

<sup>1</sup> Иман (аранша) — бұл жерде қасиет мағнасында

Бұрыңғы қазақ өлеңдерінің тармақ ұйқастары көбінесе не жалаң «шу дегі», «жөнеді», «баады», «келеді» деген сыяқты етістік сөздермен, не «ғаға қылдым», «жаға қылдым», «саба киттым» деген сыяқты етістік жалғанған сөздермен келуші еді.

Абай өз өлеңдерінде тармақ ұйқастарын, бір жағынан, көбінесе зат есімдермен келтіреді, екінші жағынан, әр кыйты етіп түрлендіріп келтіреді. Кейде тіпті «ак», «да», «де», «әу» деген сыяқты лемевшелермен де ұйқастырады, орынты, жарасымды етіп ұйқастырады.

Абай өлеңінің түріп, құбытысын үнемі оның маңасына, өзінің айтайын деген ой-нікіріне байтанысты құбылтып отырады. Шұмартып оңшөм ұйқасты араластырып қолданады, еркін кыйыстырады, ойын дәл, толық айтуға мүмкіндік беретін өтшем ұйқастарды көп қолданады.

Абай кейде өлеңді сөз ұйқасы емес, ой ұйқасымен те келтіреді. Оның орысшалан аударған «Тұтқындағы поляк жаңдаратының сөзі» деген өлеңі осылай келеді:

Дүріттеген ражабай,	а
Бұрқыраған жауынның,	б
Ашылмағы бар ма баспан,	в
Бағы қайтқан жауынның?	б
Мен орманға барғанда	г
Неше түрлі гүл ұстап,	д
Қайтушы едім қолыма	е
Гүлдер түгіл бұл күнде,	ж
Шөп тағы жоқ маңымда	е

Осы тоғыз тармақ өлеңінің көп жерінде сөз ұйқасы жоқ. Бірақ өлең болып оқытаты. Себебі ішкі маңасы ұйқасып жатыр, бір ойты біттіріп тұр.

Абай өлеңдерінің бірсыпырасын 3 — 4 — 5 — 6 — 7 бұйыммен, аттаматы, егіз арачас ұйқастармен келтіріп, бір сыпырасын өзінше шұмақтал, өзінше ұйқастырып кейде өлеңті сөз ұйқасына емес, ой ұйқасына құрып, ол қазақ өлеңіндегі силлабо-тоникалық өлең нысаналарын айқындай түсті.

Абай қазақтың кыйыннан қыстырылған, тілге жеңіл, жүрекке жыты, айналасы теп-тегіс, жұмыр өлеңін, іші алтын, сырты күміс сөзін жасады.

Абай хатқын сүйді, халқының көшін жаңа жолға, өнер-білім өсу жолына, ұлы орыс халқымен біртесу, сонан үлгі, әнеге алу жолыча басталды; халқының боташағын өзгертіп, жақсы жолға салуға еңбек етті; қазақ

елінің, бүгінгідей, ерікті, бай, мәдениетті, күшті, бақытты ел болуын көкседі.

Абай қазақтың жаңа реалистік әдебиетін — мағнасы терең, тілі орамды, өрнегі шебер, кестесі көркем әдебиетін жасады; Абай өлеңдері — мәңгі жасайтын асыл сөз қазынасы, ол қазақ халқының Абай тұсындағы тұрмыс суреті, дүние тануы, мінез-кұлқы, мұң-зары, тілек-арманы, шыдамдылықпен жақсы болашаққа сенген халықтың бейнесі.

Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған,—

деген өз өлеңін Абайдың өзі жөнінде айтуға болады. Абай халқының асыл азаматы болғандықтан мәңгі өлмейді. Біздің барлық жұртшылығымыз, советтік социалистік Отанымыз осындай өлмес, өшпес Абайды көдірлейді.

М. СИЛЬЧЕНКО

## ПУТЬ АБАЯ К РЕАЛИЗМУ

(Литературная деятельность 80 годов)

### 1.

Большая общественно-культурная работа и изучение сокровищ мировой и русской науки и литературы привели Абая к созданию первых реалистических стихов 80 годов. Это широко известные песни и стихотворения: «Қан сонарда бұркітші шығады аңға» («По первому снегу охотник с беркутом выходит на лов», 1882), «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайты» («С ее белым чистого серебра широким лбом», 1884), «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» («Мы состарились, думы печальны, сон чуток», 1886), «Интернатта оқып жүр» («В интернате учатся», 1886), стихи о волостных управителях, о временах года, любовно-лирические песни. В них заключены глубокие раздумья поэта о судьбе казахского народа в предреволюционную эпоху в России. Вместе с тем эти стихи отражают поиски Абая путей к правдивому, реалистическому изображению действительности. Поэт творчески осваивал все лучшее, передовое, что было выработано богатейшей народной поэзией казахов, и

отвергал реакционное и отсталое, привнесённое в нее феодально-байскими акынами

Нестучайно что поэтические трактаты Абая 80 годов «Өлең — сөздің патшасы сарасы» («Стих — царь слов чистейшее слово» 1887) и «Біреуің кісісі өлсе, қараты — от» («Если умрет близкий скорбен он» 1888) посвящены именно песне и певцу и, разоблачая ханско-феодалных певцов, представляют облик демократического акына

В пору своего зрелого творчества 80 годов Абай пересматривал практику стихийного реализма акынов. Его поэтические обобщения и художественное отображение действительности проникались передовыми идеями почерпнутыми поэтами из мировой и русской литературы. В идейном содержании стиха и языке стихов Абая отражены характерные для 80 годов противоречия экономической социально-культурной жизни казахского народа а также противоречия самого Абая — переходового идеолога и просветителя

Центральной темой стихов Абая в 80 годы является вопрос о современном положении казахского народа и путях его прогрессивного развития. Это — живучая тема современности мимо которой не прошли ни народная поэзия ни литература ни прогрессивные акыны и поэты ни реакционеры певцы. Многообразная связанная со всеми сторонами народной жизни тема современности вынуждала к себе в казахском народном творчестве и литературе самое разнообразное отношение и самые противоречивые чувства. Народные певцы — Джамбул Нурпен Байгалич в импровизированных песнях разоблачили выборную бормбу аткаминеров волостных управителей уездных и других чиновников — словом все повешество атамнистрагивного управления связанные с реформой 1868 года. Критика и разоблачение пореформенных порядков присущи песням и другим акынов демократического направления. Народность такого критического отображения действительности очевидна. Акыны подхватывали и выражали в своих песнях то что наболело о чем массы не могли уже молчать. Творчество демократических акынов наглядно показывало что в народных массах накапливался и прорывался гневный протест против гнета феодалов и парских чиновников.

Но народ был забит отстал и еще не научился связывать события между собой, видеть самую систему порожд-

дающих феодальный и колониальный гнет общественных отношений, а не отдельные проявления гнета. Именно эта особенность народного самосознания определила своеобразие народности и реализма демократических акынов. Так, например, поэзия акына Кудери Жолдыбаева «Қазақтың қанғысы» («Горе казаха»)¹ насыщена народной ненавистью к оямам и царским чиновникам. Акын повествует о тяжелых условиях, связанных с установившимся в 1880 году Кудери сетует, что люди забыли старые обычаи, предались пошлостям: ездят на телегах, пьют чай, носят узкую одежду и т. п. Обвинение господствующих классов в стяжательстве и апелляция к старине, идеализация патриархального гостеприимства закреплены в песне «Қазақтың қанғысы». Светлой, передовой стороной этой же песни является показ дружественного отношения к русским, с которыми вступили в общение казахи. Акын противопоставляет друг другу «северных русских» и «русских милосердных людей» («орыс көңір» и «рақымды орыс халқы»), изобличая всяких начальников, у которых не выпросишь чашки муки, и обращая благодарность свою к простым русским крестьянам поселенцам, щедрым и бескорыстным помощникам в беде.

Реалистична тематика народных песен, разоблачающих особую форму байской эксплуатации масс — «жұртшылық» широко применявшуюся в то время и позднее. Примером может быть поэзия Бажекена Молдабаева, опубликованная А. Пестеровым — критика современности, изобличение чиновников, формирующихся из среды бывших султанов и баев, тема образования и просвещения как пути к чиновничеству, к «чиңу» — все это содержится в песнях тургайского акына и многих других певцов, имена которых забыты.

Таким образом, для стихийного реализма демократических акынов характерно отражение локальных хотя и типичных явлений действительности в свете противоречивого народного сознания с его смелой обличительной критикой сынов эксплуататоров, с его жаждой лучшего, со свободноподобными чаяниями и в то же время с боязнью нового и привязанностью к старому привычному.

Иное отношение к действительности при освещении

¹ Отдел рукописей научной библиотеки АН КазССР. Бумаги А. Васильева. Рукопись.

² Записки Восточного отдела Русского археологического общества, т. X, в. I — IV, 1897, стр. 85 — 92.

темы современности присуще реакционным акынам и писателям. Систему патриархально-феодальных отношений пореформенного периода они рассматривали с точки зрения феодальных верхов. Не критика, а защита новой административной системы пронизывает их произведения, дышащие верноподданническими чувствами и противоречащие жизненной правде. Таковы песни реакционного акына Дулага из его книги «Әсиет нама» («Книга назиданий») или песни акына и муллы Аубакира Кердери из его «Әдәбиет қазақия» («Казахская литература»). Аубакир все положительное, связанное с реформой 1868 года, — просвещение, сближение с русским народом считает монаршей милостью и восхваляет «белого царя» («ақ патшу»). Дулат пытается примирить науку и религию, предвзято в этом пангиористов. Борьба за сохранение в современности отмирающих и намеренно поддерживаемых верхов и царизмом патриархально-родовых пережитков — особенность этой реакционной литературы. Всю ее отличает оплакивание былых времен с номинальным признанием современности.

